

the effectiveness of this form of control. Tests developed with regard to the sequence of studying topics help to identify gaps in knowledge, to determine how consciously students have knowledge of theoretical material. This allows you to make the necessary adjustments to further work with this or that student or class. The use of this type of work helps to conduct a survey of students on various problems, to turn the lesson into an exciting lesson.

List of used sources

1. Materials of the international educational forum «The World on the Way to a Smart Society». - Moscow, 2012. - 125s.
2. Chernyavskaya AP, Grechin BS, Modern means of evaluating learning outcomes: a textbook.-method. allowance. Yaroslavl, 2008. - 286 p.
3. Kahoot.it
4. Socrative.com

СЕЙІТ КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ ЭТНОГРАФИЯ МЕН ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Абдрахиева Кымбат, «Тарих» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Наурызбаева Э. К.**
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университеті Қостанай қ.

Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан кейін өткен тарихымызды, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді, материалдық мәдениетімізді жаңғыртуға бетбұрыс жасалуда. Орталық Азияның ірі этностарының бірі, Евразияның үлкен кеңістігін алып жатқан қазақ этносының өткен тарихы мен мәдениетіне байланысты көптеген мәселелерді зерттеуге назар аударылуда. Қазақ халқының өзіндік бірегей әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері көптеген ғасырлардың барысында қалыптасты. Отарлық пен Кеңес дәуіріндегі қатаң жүйе халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениетіне елеулі өзгерістер енгізіп, тіліне қауіп төндірді. XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде оның бірқатарын Ресей әкімшілігінің өкілдері, орыс және шетел ғалымдары, саяхатшылар айқын байқап, жазып қалдырды. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Қазақ халқының ішінен топтан суырылып осы мәселені теңірек зерттеп зерделеген Сейіт Кенжеахметұлы еді.

Белгілі жазушы-этнограф Сейіт Кенжеахметұлы халқымыздың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін терең білетін және көпшілікке насихаттауда қызықты әрі құнды еңбектер жазып, арнаулы жеке мектеп ашқан санаткер ретінде елімізге танымал тұлғалардың бірі. Кеңес өкіметі кезінде ұмыт бола бастаған ұлттық салт-сана, дәстүрлерімізді тәуелсіздік алғаннан кейін қайта дәріштеп, әспеттеп, әрлендіріп, жалпақ елдің жадын жаңғыртып, жандандыруға қосқан Сейіт Кенжеахметұлының ересен еңбегін ешкім жоққа шығара алмайды. Халық мұрасын, үлгі өнегесін, сөз өнерін жиақнап терді. Халықтың салтын, дәстүрін, дінін, тілін, тарихын, әдеп әдетін, тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқын зерделеді. Ол ұлт рәсімдерін реттеп, бір жүйеге салып, оны ғылыми айналымға түсіріп, бірнеше мәрте кітап етіп шығарып, төрткүл дүниеге таратты [15].

«*Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі*» атты 256 беттен құралған жинақ ең алғаш 1998 жылы Алматыдағы «Санат» мемлекеттік баспасынан 3000 дана болып жарық көрді.

Қасіреті мол халықтың ғасырлар бойы жалғасқан рухани мұрасын жинап, оны өз мағынасында жеткізу бір адамның қолынан келетін жұмыс емес. Алайда, жасынан таза халық тәлім-тәрбиесі мен үлгісінен нәр алып, халықтық, исламдық және кешегі кеңестік тәрбиенің үшеуін де қатар ала өскен жерлесіміз Сейіт Кенжеахметұлы халық қағидалары мен

тағылымы, ұлағатты ұғымдары, тілі мен дініне, сеніміне байланысты көп жылғы жиған тергенімді қағаз бетіне түсіріп, көпшілік қауымға әсіресе кейінгі жас ұрпаққа ұсынуды жөн көреді.

Бұл жинақта екіншісі біле бермейтін ырым, тыйым, әдеп, әдет-ғұрып, мінез-құлық, басқа да ұлттық ерекшелігіміз, салт-санамыз, дәстүріміз топтастырылып отыр және туыстық атаулары, оларға қатысты адамгершілік қарым-қатынастар көрінісі, халық қасиеті мен тағылымның жаңа бір жақсы қырлары дәлелді деректермен баяндалады.

Бұл жинақтан даланың әділет, құқық және билік заңдарын көре аламыз. Қазақ заңдарының түп төркінің қасиетті кітабымыз «Құран кәрімнен», «Мұхаммед Пайғамбарымыздың хадистерінен» бастау алатыны баяндалады. Мысалы, «Құран кәрімнің» «Ниса» сүресінде мұрагерлік, қылмыс туралы, «Маыда» сүресінде ұрлық, өтірік, «Талақ» ерлі-зайыптылық, неке ережелері анық (заңдары) айтылған. Мұндай хұқықтық, шарифат заңдары басқа сүрелерде де кең орын алған. Ал, қасиетті ислам дінінің негізін салған, адамзаттың ұлысы, біздің аса көрнекті, қасиетті, кемеңгер пайғамбарымыз Мұхамбеттің (с.а.с) хадистерінде әділдік, билік, жаза, заң негіздері бірнеше жерде айтылған.

Қазақ ордасының және оның әділет, әдет, ғұрып заңдарының тарихында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» деп аталатын заң ережелерінің де орны бөлек. Бұл «Жарғы» деп аталған қазақ халқының алғашқы Ата заңы. Бұл заңдар әділдік пен тәртіптің үлкен үлгісі ретінде қабылданады. Халқымыздың құқықтық, билік, сот жөніндегі көңіл аударарлық заңы 1885 жылы Семейдің Қарамола съезінде жазылған жазылған ереже.

Жоғарыда айтылғандай «Құран кәрімнен», «Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен», «Жеті жарғы» заңдарынан және Қарамолдада жазылған Ережеден, сондай ақ білетін қариялардан жазып алынған ел арасында сақталып қалған әдет, ғұрып, тәртіп, заңдарынан осы бөлімде үзінділер келтіріледі. Қазақ заңдары сонымен бірге ұлттық салт, әдет ғұрып-дәстүрлерінен де көрініс табады. Олардың көпшілігі заң ретінде де қолданылғанын көре аламыз. Яғни халқымыздың дәстүр, салтының да заңдылық негіздері бар екені анық. Ұлттық дәстүрді құрметтеу де осы заң арқылы бекітілген.

Сонымен қатар ұлттық әдет ғұрыптардың, дәстүрлердің саяси-әлеуметтік өмірдегі орны мен ролі, оның таптық сипаты, прогрессивтік рухани маңызы баяндалады. Тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, қыз ұзату, келін түсіру, тұрмыс-тіршілік, отбасы, еңбек, кәсіпке, иманға байланысты салт-дәстүрлер мен ғұрыптар бар.

«Әдептің басы – аңдап сөйлеу» деп А.Йүгінеки айтқандай, автор еңбекте мінез әдебі, жүріс-тұрыс әдебі, іс-әрекет әдебі, шығармашылық әдеп ұлттық тұлғаның ішкі және сыртқы тұлғаның мәдениетін, ұлт мәдениетінің бір бұтағы қазақтың ырымдары мен тыйымдарын да баяндайды. Қазақ ырымдарынан жақсылыққа ұмтылу мен өмірге оң көзқараспен қараудың небір үлгілерін көрсетеді. Қазақтың киелі қарашыңырақтың кейбір қыр-сырына, қазақтардың туыстық шежіресіне, атадан қалған асыл сөздерге толық сипаттама береді. Халқымыздың жыл, ай, күн санаудың өзіндік үлгісі қазақ халқында да бар. Қазақтар жылды мүшел арқылы санайды. Бір мүшелді он екі жыл құрайтынын да айтып өтеді.

Әр тарау тақырыпқа байланысты нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерден және суреттермен безендірілген.

Ғылыми-танымдық, тәрбиелік, көркемдік жағынан ұтымды әрі тартымды жазылған бұл кітап оқу орындары үшін ғана емес, сонымен бірге ұл-қызым инабатты да иманды болып, ата жолын ардақтап өссін деген әрбір ата-ананың ақылшы досы, айнымас серігіне айналары анық [12].

«Қазақтың дарқан дастарханы» болса, қазақ халқының ұлттық тағамдары мен жеңсік астары, олардың ерекшеліктері туралы жазылған. Дерекі мен дәйегі мол көркем тілде берілген бұл туынды қазақ елінің тұрмыстық мәдениетін біліп, танығысы келген әр адамға кеңесші құрал бола алады. Қазақтың ежелгі ас-тағамдарын әзірлеудің қыр-сыры келтірілген жинақ асқа қатысты әдет-ғұрыптар мен ырым-тыйымдар түсініктерінің берілуімен, сөздіктердің қамтылуымен өз құндылығын арттыра түскені анық.

Бұл еңбектің бірінші беттерінен-ақ қазақ халық асты өте жоғары бағалағап әрі кастерлей білгенін көре аламыз. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің көзін, кезін, ретін таба білгенін көре аламыз. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды да, қазақ кең дастарқан арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүгін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Бұл істе әрине, қазақ халқының қонақжайлық дәстүрі шетелдерде ерте заманнан-ақ аңыз болып тараған. Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауда, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді де білмеген, төрге шығарып ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

Сонымен қоса бұл еңбектің тағы да бір ерекшелігі ас, тамақ дайындауда қазақ әйелдерінің рөлін анық көрсеткен. Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындаумен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақтауының әдіс-тәсілдері мен жолдарын да таба білген. Бұл қағидаларды әйелдер ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған. Әсіресе, қымыз бен шұбатты баптаудың, құрт, ірімшік, ежігей, сары май сияқты жеңсік тағамдарды дайындауда қазақ әйелдерінің шеберлігі мен өнері үлгі етіп, қалай мадақтауға да тұрарлық.

Екінші ерекшелігі әр тараудаға астардың құрамы мен дайындау тәсілдеріне дейін жазылған. Бұл елінің салт-дәстүрі мен мәдениетін құрметтейтін әрбір қазақ әйелдеріне таптыртпас мұра деп есептеймін, Ғасырдан-ғасырдан ұмытылып бар жатқан тағамдардың да дайындалу тәсілдерін көре аламыз.

Жомарт әрі ашық қолды халқымыздың ізгі дәстүрінде үйге келген кісіге дәм татырмай жібермейтіні өте жақсы ғұрып. Қазақ дәм татыруды достықтың, татулықтың, бірліктің, елдіктің сара жолы деп қараған. Қазақтың құқықтық заңында да ас пен тамақ ақиқат пен адалдық кепілі ретінде қолданылады. Сондықтан да дәмді ас дайындау және әр адамға ақ көңілмен тегін ұсынуы қазақ халқының басқа ұлттардан ұлттық, дарқандық ерекшелігін даралап көрсетеді.

Осы тамаққа байланысты қазақта салт-дәстүрлерен басқа түрлі ұғымдар, тыйымдар, ырымдар, аңыздар, әңгіме, ертегілер, мақал-мәтелдер де өте көп.

Бұл кітапта қазақ ұлттық тамақтарына орай біраз түсініктер мен деректер келтірілген. Сонымен бірге жинақтың бір ерекшелігі мұнда ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдар туралы жазылып, жинақталды [7].

Сейіт Кенжеахметұлының Қазақстанда («Алматы» кітап баспасында) әзірленіп, Қытай Халық Республикасының астанасы Пекин қаласында 2006 жылдың аяғында басылып шыққан «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» кітабын академик Рымғали Нұрғалидің «Ғасыр кітабы» деп 2007 жылдың басында бағалаған.

10 000 данамен әсем безендіріліп, сапалы қағазға басылып, қазақ және орыс тілдерінде шыққан бұл кітаптың салмағының өзі – 2 килограмм, ал көлемі тым үлкен екен. Бұл кесек шығарманы баспаларға басып шығаруды ұсынған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен шығарманың мәтінін бекіткен Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті ғылыми кеңесінің кітапқа берген аннотациясында: «қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін зерттеп, жинақтап, жүйелеп жазып жүрген белгілі қаламгер әрі этнограф Сейіт Кенжеахметұлының бұл жинағы – көтерген жүгі мен бағасы жағынан энциклопедиялық еңбек деп тануға болады. Мыңдаған жылдар бойы халықтың өмірі мен тұрмысына алтын арқау болған, салты мен санасына бағдар етіп сақтаған әдет-ғұрып, салт-

дәстүр, ұғым мен ырым, әдеп пен пайым, жөн-жосық сияқты қазақ мінезі мен тіршілігін баяндайтын бұл бірегей кітаптан көп жайды біліп, тануға болады. Туған еліміздің, халқымыздың көп айтылмаған, жазыла бермеген төл мәдениетімізге лайық таным-түсініктері мен ерекшеліктері берілген» - деп жоғары баға берген екен...

Атына заты сай болып, «Ғасыр кітабы», «энциклопедиялық жинақ» деп бағалаған бұл кітап: «Қасиетті қара шаңырақ», «Қазақтың салт-дәстүрлері», «Төрт құбылада төрт түлік», «Табиғат – тал бесік», «Мұны да білген жөн», «Этнографиялық әңгімелер» деп аталатын үлкен-үлкен 7 тараудан тұрады. Әр тараудың өзі бірнеше бөлімдерге бөлінген. Кітап көрнекті суретшілер мен фотографтардың танымдық мәні зор түрлі-түрлі таңдаулы суреттермен безендірілген. Олар әр тақырыптың ажарын ашып, көркемдік қуатын одан сайын арттыра түскен. Автор ұзақ жылдар бойы ерінбей-жалықпай, тірнектеп жинаған суреттер мен көші-қонын, тұрмысы мен тіршілігін, өнері мен мәдениетін, зергерлік және қолөнер шеберлігін жарқырата көрсететін полотноларды орайымен пайдалана білген. Кітап тарауларының қосалқы беттерін безендіруге суретші-этнограф Н.Г. Хлудовтың кескіндемелерін лайықты таңдаған.

Тұлғалы туындының «Қасиетті қара шаңырақ» деген алғашқы тарауының бірінші беті «Киелі киіз үй» атты тақырыппен ашылуының өзінде үлкен мән-мағына жатқаны анық. Өйткені, киіз үй – қазақтың түтін түтеткен тұрағы, құтты мекен жайы, бақ қонған баспанасы, қыдыр дарыған қонысы, еншісі, мүлкі, мақтанышы, өсіп-өнген, тамыр жайған ақ бесігі... Арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ киіз үйіміздің атқарған қызметі мен рөлі зор екеніне көз жеткіземіз. Көшіп-қонуға қолайлы. Киіз үйге қарағанда ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, өнертапқыштығы, талғам-танымы, қабілет-қарымы, туа бітті дарыны, тұрмыс мәдениеті жер бетіндегі еш халықтан кем болмағанын көреміз.

Автор киіз үйді түркі халықтарының арасында қазақ халқының айрықша әспеттеп, кие тұтқанын, оны үнемі қадірлеп ұстағанын, әрдайым жетілдіріп, көркейтіп отырғанын, ертеден-ақ Еуропа елдерінде өтетеін дүниежүзілік көрмелерге апарып, жат елдерді таң қалдырғанын нақты тарихи дерек, құжаттар арқылы сабақтап отырады. Бір ғана мысал «Киіз үйдің түрлері мен тұрмысы» деген бөлімде қазақы киіз үйлердің пайдаланылуына және сән-салтанатына қарай 9 түрге бөлінетінін айғақтайды. Олар: қара үй (3 қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орта (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп әрқайсысын анықтап берген. Сол сияқты киіз үйге қатысты мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, үйде тұрмысқа қажетті құрал-саймандардың, мүліктердің, домбыра, қобыз, т.б. музыкалық аспаптардың суреттері берілген. «Қолөнер – зор өнер», «Шеберлер шешімін тапқан», «Қолымда бір қамшы бар», «Ас – адамның арқауы», «Ыдыста – ырыс бар» деген бөлімдерде атының өзі айғақтап тұрғандай ұлтымыздың зергерлік шеберліктері, жүннен, матадан, ағаштан, әр түрлі әшекей заттардан заттардан жасаған бұйымдарды аңшылық, саятшылық өнері, ит жүгіртіп, құс қайырған шеберлігі, құралайды көзге атқан мергендігі, ат-тұрман, сауыт-сайман, жасауы, киім ерекшеліктері, қыз балаға құрметпен қарауы, асы мен ыдысын күтіп ұстауы, ыстық және салқын ас түрлері, олардың әрқайсысының қалай даярланатыны, төрт түлік малдың еті мен сүтінің ерекшеліктері, бұл малдардың қандай пайдалары бары, т.б. кең түрде баяндалып, мұнда да әр салаға, әр түлікке байланысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, атаулар мен ырым-жырымдар туралы түсіндірме сөздіктер түзілген.

Сейіт Кенжеахметұлы былайғы 6 тарауда да туған халқымыздың ешбір ұлт пен ұлысқа ұқсамайтын өзіне тән салт-дәстүрлерін, әдеп-әдеттерін, «қарға тамырлы қазақтың» ерекшеліктерін, төрт түлік малды тұтыну мен өсірудегі тәжірибесін, табиғатты танып-білуі мен оны өз игілігіне жаратудағы сұңғылалығы мен зеректігін, өмірден түйген түрлі жол-жоралғыларын, үлгі-өнегелерін, дін жолындағы қағидаларын, салт-дәстүрлерін сақтау туралы ұлттық таным-түсінігі мен балгерлік, құшнаштық, емшілік қасиеттердің, халықтың ырым-тыйым түрлерін дағдылы ым-ишарасын, әйел әдептері, төрт түлікке байланысты атаулары мен мақал-мәтелдерін, ат әбзелдерін, жан-жануарға қатысты ырымдарын, мал атына қатысты шөп түрлерін, күн санау, ай санау амалдарын, ай-жұлдыз, жыл атауларын,

мүшел қайыру, ауа-райы болжау ерекшеліктерін, табиғат туралы ырымдарын, т.б. тұрмыстық әдет-ғұрып түрлерін жан-жақты жүйелеп, ғылыми негіздерін жазып шыққан. Қазақты ұлы халық, рухы асқақ ұлт етіп көрсеткен [6].

Қазақ халқының табиғат-анамен үндес тіршілік кеше отырып қалыптастырған салт-дәстүрі – «адамгершілік» деп аталатын ұлы ұғымның алтын қазығы. Алтын қазықтан адаспай, бетті соған бұрғанда ғана елдіктің іргесі бекіп, адам аты асқақтай түсетінін қазақ елінің өткен өмір жолы дәлелдеп берді. Саналы ғұмырын осы бай мұраны жинақтауға арнап, оқырманын сан мәрте тартымды кітаптарымен баурап, баулып келген белгілі қаламгер, мәдениеттанушы, этнограф Сейіт Кенжеахметұлы өзінен бұрынғы тарихшы этнограф ғалымдарды зерделей отырып, іргелі еңбек құрастырды, шашырап жатқан мол қазынаны энциклопедиялық жүйге түсіріп, көптеген терминдердің төңірегінде қосымша мол мағлұмат ұсынды. Соның бірі Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты қазақ мәдениетінің суретпен безендірілген энциклопедиясы. Бұл кітап 2013 жылы «Атамұра» баспасынан 3000 дана таралымымен жарық көрді.

Бұрын көп айтыла қоймаған ырым мен тыйым, жөн-жосық, жол-жоралғы, ұлттық қағида, ғұрып, әдеп пен әдет сияқты қазақтың өмірлік үлгі, тәлім-тәрбие ережелерін саралады. Өз ұлтын мақтан тұтатын орын алға лайық бұл энциклопедиялық басылым белгілі қылқалам шеберлерінің суреттерімен әсем безендірілген.

Сіздерге ұсынылып отырған бұл кітап қазақ халқының тарихын, оның ішінде халықтық тәрбие көзін тереңірек білгісі келген, жалпыұлттық салт-дәстүрден өз жан дүниесіне азық боларлық алтын арқау іздеген оқырманға арналды.

Бүгінгі өскелең ұрпақ туған халқының замандар бойы қалыптасқан тіршілік қағидасы мен салт-дәстүрінен қол үзіп қалды. Оның басты себебі тарих қойнауында жатқан мағлұматтарды зерделеу, оны ұлт игілігіне жарату бертінгі заманда ғана қолға алынды. Жөргегінен ұлттық мәйекпен жарытып, ұлттың өзіндік мінез, өзінік сана, өзіндік даналық қалыбын қалыптасыратын салт-дәстүрге ден қою, археологиялық және этнографиялық зерттеулер арқасында небір құпия деректердің жарық көруі осынау қасиетті қазынаны тереңірек білуге жол салып берді. Бұрын ұстаздар аузынан көп айтыла бермейтін, «ұлттық тәлім-тәрбие», «ұлттық салт-дәстүр» деген алтын тамырдың мәніне бойлап, шәкірттерге дәріс беру бел алды.

Әр кезеңде өмір сүрген шетел тарихшы ғалымдары мен саяхатшылары өздерінің күнделіктерінде осынау табиғатпен етене жақын, дана халық туралы тамсана жазды. Қазақтың табиғатты болжауы, ата салты, заң қағидалары, қонақжайлығы оларды қайран қалдырды. Осы энциклопедиялық басылымда, шетел, сондай-ақ отандық тарихшы, этнограф ғалымдардың ой-пікірлері әр терминнің тұсына дәйексөз түрінде беріліп отырды.

Кітапқа енген салт-дәстүр маржандарымен етене оқырман, ендігі жерде жазушылар мен драматургтердің, қылқалам шеберлерінің көркем туындыларындағы этнографиялық тарихи мағлұматтарды еркін меңгергені сөзсіз.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-сенім аясындағы қарашаңырақ, ата-баба тәрбиесі, заң қағидасы, табиғатпен сырласу, дәстүрлі колөнері, музыкасы, ойын-сауық, той-думаны, ұлттық киімі мен дастарқаны, алфавиттік тәртіппен жинақтаушы негізгі терминнің ішкі ұясына топтастырылып берілді. Кейбір терминдердің мазмұны аша түсуге себін тигізер деген мақсатпен, қосымша түрінде хрестоматиялық материалдар – өлең-жыр, мақал-мәтел, ішінара аңыз-әңгімелерден үзінділер келтірілді.

Кітапты әзірлеу барысында осы сала бойынша бұрын жарық көрген негізгі зерттеу еңбектер зерделенді. Олар: Ы.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» (1994), Ш.Уәлихановтың «5 томдық шығармалар жинағы» (1984), Х.Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очеркі» (1969), А.Левшиннің «Описание киргиз-казаких, или киргиз-кайсаких орд и степей» (1966), Ә.Марғұланның «Мир казахов» (1997), «Казахское народное прикладное искусство» (1-том, 1986), С.Мұқановтың «Халық мұрасы» (1974), Ө.Жәнібековтың «Жаңғырығы» (1990), А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» (1997),

М.Шормановтың «Қазақтың халықтық әдет-ғұрыптары» (2003) және т.б. [8].

Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты еңбегі 2004-2005 жылы Қазақстанда («Алматы» кітап баспасында) әзірленіп, Түркия Республикасының астанасы Стамбул қаласында басылып шықты. 2006 жылы Гонконгтан 10 000 дана болып үшінші рет басылып шықты. Автор еңбекте салт-дәстүрлер арқылы халықтың мінез – құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы: қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық. Әрине, бұл ерекшеліктер басқа халықтарда да кездеседі. Бірақ бұл қасиеттер әр халықта әр қырынан көрініс береді, сонымен қатар әр ұлт өкілдерінің салт-дәстүріндегі мән-мағынасы мен тәлім-тәрбиесі бір-біріне ұқсап, бірін-бірі толықтырады. Той – думандарда, жиындар мен мерекелерде орындалатын осы қазақ халқының салт-дәстүрлері оның ұмыт болмағанын паш етеді және тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты ұрақтан-ұрпаққа беріле ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр. Салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор. Ол бала тәрбиесіне байланысты, тұрмыс-салт және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып үш түрге бөлінеді. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға: баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелерінен бастап, есейіп азамат болып кеткенге дейінгі кезеңі кіреді. Мысалы: шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке бөлеу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, тіл ашар, ұл бала мен қыз баланы жанұя болуға, шаруашылыққа, еңбекке, өмірге бейімдеу. Тұрмыс-салт дәстүріне қазақтың киіз үйі, жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдарын жатқызамыз. Мал бағу, егіншілік, аңшылық, бағбаншылыққа қатысты кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері халқымыздың дәстүріне сай жүргізіледі. Ұлтымыздың ұлттық сөз өнері, аспаптары, мерекелері, қонақ күту дәстүрі өзге елдерден біздің биік тұрғанымызды көрсетеді. Оның бір дәлелі, баспанасы киіз үйден бастап, оның ішіндегі түрлі тұрмыста қолданылатын заттарын, бұйымдарын, киім-кешектерін шебер жасай білгендігі. Ата-бабамыздың салт-дәстүрлерін мақтан тұтамын. Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Сейіт Кенжеахметұлының бұл еңбегін бүгінгі күні Тәуелсіздігімізді алып, Тәуелсіз мемлекет атанып, өзге елдермен тереземіз тең болып отырған шақта біздер, бүгінгі жас ұрпақ ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді заман талабына сай қолданып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етуге міндеттіміз [5].

«Жеті қазына» атты жинағы мыңдаған таралыммен үш рет, яғни 1997, 2000, 2001 жылдары жарық көрді. Бір қызығы үш кітапта 136 беттен тұрады [1].

Салт-дәстүрлеріміздің кейбірі халық арасында кеңінен пайдаланылып жүрген болса (айдар тағу, қонақ кәде, бастаңғы және т.б.), кейбірі ұмыт қалып барады. Әсіресе жастарымыз біле бермейтін салт-дәстүрлеріміз жетерлік. Ата-бабаларымыздан мұра боп қалған салт-дәстүрлер әрдайым игі мақсаттар үшін қолданыста болған. Сол себепті оларды біле жүру, кей-кейде өмірде іске асыру да артық етпес. Бұл кітаптар өз халқының мәдениеті мен этнографиясын танып, білгісі келетін оқырмандарға арналған.

«Жеті қазына» кітаптарындағы атвордың негізгі мақсаты қазақ халқының қанына сіңген ізгі адамгершілік қасиеттерінің халықтың салт - дәстүрлерімен сабақтастығын түсіндіру, қазақ ырымдары, тыйым сөздер, ұлағатты ұлттық ұғымдар, ислам тағылымдары, әдет-ғұрып ишаралары, мақал - мәтелдерін үйрету. Осы арқылы адам бойында имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Елжандылыққа, терең ойлауға, өнер сүйуге, ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты білімін дамыту арқылы нығайту.

Қазақ халқы ерте заманнан-ақ салтын берік ұстанып, аса қадірлеп келген, халқымыздың өзіне ғана тән, қайталанбас ерекше салт-дәстүрлері, әдет-ғұрып, жөн-жоралғылары бар. «Ұрпақтың ана бойына біткен кезінен бастап «құрсақ той» немесе «құрсақ шашу» ырымдарынан бастап, бала ер жетіп, ел қатарына қосылғанға дейінгі аралықты қамтитын түрлі ырым, жол-жоралғы, әдет-ғұрыптарды осы үш жинақтан көре аласыздар. Сонымен қатар, ұлыстың ұлы күні - наурыз, халықтың уақытты анықтау белгілері, ауа райын қалай болжғаны туралы да танымды деректер көрсетілген.

«Жеті қазына» 2-кітабында жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жылдығына арналған «Тіл - қылыштан да өткір» деп аталатын тарау бар. Автор осы тарауда А.Құнанбайұлының өмірі мен қызметіне, қоғамға қосқан үлесін және ғибартты әңгімелерін баяндайды [3].

«Жеті қазына» кітабының тағы бір бағалы жағын атап өткіміз келеді. Бұл жинақта этнографиямен қатар, тарих ғылымына байланысты тың деректерді көре аламыз. Қазақ тарихында әр саладан тұңғыш шыққан қайраткерлердің, жоғары әскери шен алғандардың есімдері жазылған.

XX ғасырдың басында ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ зиялылары –Ә. Бөкейханов, М. Қарабаев, Х.Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, және тағы басқа зиялы қауым өкілдерінің білім алған ошақтары туралы мәліметтер аламыз.

Қазақтың қаһарман хандары, қазақ батырлары мен ат үстіндегі арулар және қазақ халқының саңлақтар туралы да жазылған.

Автор осы кітаптарды жазу арқылы адамзат қауымының ғасырлар бойғы тарихы имандылық, ғибраттық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық тағылым ұрпақ тәрбиесінің қыруар үлгілерін мұралыққа қалдырды. Адам өміріндегі тәрбие, ұлттық сана басты мәселе болуы тиіс. Адам болып туылу оңай, ал адам болып қалыптасу қиын. Адамдық қасиетке бірден бір әсер етуші фактор ол тәрбие, ұлттық салтымыз. Сол халық даналығы қорытқан қазына байлық, тәжірибені халық игілігіне жарату, үлгі етіп ұсыну жас ұрпақтың еншісінде. Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті қазына» атты үш кітабы танымдық, тағылымдық әрі тәлімдік жағынан әр оқырманның, әр үйдің қажетті кеңесші құралы болады деген сенімдеміз [4].

«*Туыстық атаулар сыры*» атты еңбегі Алматы қаласында «Ана тілі» баспасында 2003 жылы жарық көрді. Жазушы бұл ұсынылып отырған еңбегінде ұлтымызға ғана тән туыстық байланыстың, қарым-қатынас пен салт дәстүрдің жөн жосығы, оның әр адам өміріндегі орны мен қызметін тереңірек зерттеп, шебер баяндаған. Бағзы замандардан келе жатқан «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз осы кітаптың кілттік сөзі ретінде алуға болады. Қырық рулы көп елміз, бірақ бөлінбейтін, берекесі бұзылмаған, түбі бір, қаны бір, бір атаның ұрпағы қарға тамырлы қазақпыз дегенді меңзеп тұр. Бұл сөздің арғы мәніне үңіле түссек, қазақтың түпкі аталастығын айтпаған күннің өзінде, тамыр-таныс, көрші-қолаң, құда-жекжат, ағайын-туған, жолдас-жора, жамағайын жұрағаттығын үзбеген, іргесі сөгілмеген, қаймағы бұзылмаған елдігімізді, тектілігімізді тағыда айғақтайды. Осылайша дәстүрлі таным-түсінікпен ұрпақ тәрбиелеген қазақ жұрты алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқан. Туыстық байланысты қадірлеп, береке-бірлікті бұзбаған. Үлкені сөз бастаса, кішісі құрметпен тыңдаған. Бір-біріне мейіріммен қарап, аялаған.

Кітап негізі 6 тараудан тұрады. Бұл еңбек арқылы қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша ер азаматтың үш жұрты болатынын көруге болады. Үш жұрт та жанашыр, сүйеніш, қорғаныш болады. Дана халқымыз әр жұрттың бітім-болмысына қарап, сипаттама берген. Туыстық негіз бен атаулар осы үш жұрттан басталып, жақындық қатынас ағайын, туыс, нағашылы-жиенді, ілік, жамағайын, жегжат, жұрағат, құдандалы деп аталады. Яғни ол өз жұрты,

нағашы жұрт және қайын жұрт. Тағы бір ерекшелігі жеке атаулар мен іліктік сөздер көрсетілген. Туыстық атауларда туған деген сөз жиі кездеседі. Бұл сөз тек туған, бірге туған туыстыққа ғана қолданылады. Мысалы, туған шеше, туған аға, туған нағашы, туған жиен тағы сол сияқты. Бұдан кейінгі жақын туыстар немере аға, немере қарындас, немере іні, шөбере туыстар тағы сол сияқты. Егре немере туыс болса үшінші атадан қосылғаны. Бұлар жақын туыс яғни халық тілімен айтқанда ет жақын деп аталады. Құда, құданың жиені, нағашының құдалары тағы басқаша жақындығы бар іліктік-жекжаттарға туған сөзі қолданылады. Мысалы, біреулер туған құда деп айтып жатады, бұл дұрыс емес, ең жақын құдалар жоғарыда айтылғандай бауыздау құдалар деп аталады. Бөгде адамдарды халқымыз «қаймана қазақ» дейді. Туыстық атаулар, адамға қатысты атау сөздердің қырлары мен құпиясы, жөн-жосығы, жол-жорасы міне, осындай.

Бұл кітап қазіргі өсіп келе жатқан ұрпақ үшін өте құнды дерек. Әр сәби дүние есігін ашқан сәттен бастап-ақ, ана сүті арқылы қазақилықты бойына сіңіруіне ата-анасының тигізетін ықпалы зор. Сондықтан әр қазақ өзінің түп-тамыры мен туыстық қатынастарын егжей-тегжейлі білгені жөн. Өз түп-тамырын білген жас ұрпаққа болашақтың кілтін сеніммен тапсыруға болады. Сондықтан да бұл туыстық анықтамасы әр отбасының қажетіне жарап, ағайын-туыс, ілек-жекжаттың қолында жүрері хақ [11].

Жазушының ғылыми-танымдық еңбектерінің ішінде 1990 жылы 3000 данада жарық көрген *«Ата мұра»* жинағын ерекше атап өтуге болады. Бұл кітап Торғай өлкесінің бұрынғы тарихы мен мәдениетіне, көпшілік біле бермейтін деректер, ғасыр басындағы қазақ зиялылары, қазақ халқының тұрмыс-салты мен этнографиясына, дініне қатысты көптеген деректер мен ғылыми тұжырымдар, мақалалар және ғибратты сөздер, материалдар Сейіт ағаның терең білімділігі мен зейінділігін, оны кейінгі ұрпаққа қалдыру, үйрету жолындағы еңбегін көрсетеді. Қазақтың салт-дәстүрін үйрету мақсатымен көпшілікке арнап шығарылған *«Ата мұра»* жинағында қазақша шөп атаулары, қазақтардың 1917 жылғы саны, ашаршылық алдындағы және одан кейінгі қазақтардағы мал саны, Ислам діні, қазақ ғұрыптары, т.б. танымдық, тағылымдық, мәні деректер енген [1].

«Торғай түлектері» деген атпен Торғай тарихы егжей-тегжейлі әңгімеленген жинақ құрастырды [10]. Сол сияқты автордың табандылығымен шыққан *«Торғай жазушылары»* кітабы тек Торғайлықтар үшін ғана емес, жалпы әдебиет әуесқойлары мен жанашырлары үшін орын бөлек шығарма. Бұл кітапта Сейіт Кенжеахметұлы өз ізденісінің арқасында Торғай облысынан шыққан 44 жазушылардың фотоларын тауып, суреттерін салдырып, өмірбаяндарын жазып, бір кітап етіп бастырды [9].

Егер ақиқатын айтар болсақ, Сейіт Кенжеахметұлының жоғарыда атап өткен бұл кітаптары қазақ халқының ғылымы мен мәдениетіне қосылған зор үлес. *«Жеті қазына»*, *«Атамұра»* кітаптарын ХХ ғасырдың 90-шы жылдары республикалық, облыстық газет-журналдарымен қатар аудандық газеттерде де жарыса жариялады. Өйткені, ағамыздың туындылары – өз тарихына, ежелгі салт-дәстүріне шөлдеген қазақ елі үшін, оның жас ұрпағы үшін баға жетпес асыл қазына еді. Әсіресе, *«Ана тілі»*, *«Санат»* баспалары Сейіт Кенжеахметұлының қазақ этнографиясы туралы кітаптарын бір емес, жыл аралап бірнеше рет басып, қазақ халқына жарыса тарту етті.

Сөз соңында, қазақтың этнографиялық салт-дәстүрлерінің ролі туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде былай деп жазған: «Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге -дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі ролі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашан да әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи-мәдени тамырларына қайта оралу - бұл, әрине, оң процесс» [14, 16 б.]. *«Қай халық болса да өз тарихын, төл дәстүр-салтын, ауыз әдебиетін, тілін қастерлейді. Тарих, этнография, фольклор, тіл – халықтың жан дүниесі, оның барша әлем алдындағы айнасы»* - екендігін академик М.Қозыбав та жазып кеткен [13, 33 б.].

Аға ұрпақ пен болашақ ұрпақтың арасында ешқандай байланыс болмаған жағдайда, әрбір жаңа ұрпақ тарихи өткен мұраты, дәстүрлерді, қол жеткен жетістікті білмесе, оны сақтамаса қоғамның алға дамуы мүмкін еместігі ақиқат. Осыған байланысты жаңа ұрпақ бұрынғының барлық құндылығын сақтап, жаңа жаңалықтармен байытып, дамытып отырады. Бұл сабақтастықта ұрпақтар бірлігінде халықтардың дәстүрінің өміршең мәңгілігі бекітіліп, сақталып, жаңа ұрпақтың әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарға қарым-қатынасы оның жеке тұлғалық қалыптасуына негіз болады, яғни, тарихи оқиғалар негізінде ұлт құндылықтарын айқындайтын дүниелер тізбегін білім алуға түсіндіру тұрғысы ұлттық тәрбиенің күзіреттілігінде екені анық

«Тал бесіктен – жер бесікке» дейінгі қазақтың дүние танымын, салт-дәстүрін том-том кітап қылып жазып кеткен Сейіт Кенжеахметұлының жанкешті еңбегі, жас ұрпаққа жасаған ұстаздық ұлағатты ісі бүгінгі ұрпақ есінде қалып, келешек жеткіншек жадында жатталмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кенжеахметұлы, С. Ата мұра / С. Кенжеахметұлы.- Арқалық, 1990. - 67 бет.
2. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына: 1-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред. Пионер Қ. - Алматы: Ана тілі, 2007 ж. - 136 б.
3. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына: 2-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред. Қ.Пионер. - Алматы: Ана тілі, 2007 ж. - 136 б.
4. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына: 3-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред.Қ. Пионер. - Алматы: Ана тілі, 2007 ж. - 136 б.
5. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 312 бет.
6. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 384 б.
7. Кенжеахметұлы, С. Қазақтың дарқан дастарқаны / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2010. – 240 б.
8. Кенжеахметұлы, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 384 бет.
9. Кенжеахметұлы, С. Торғай жазушылары / С. Кенжеахметұлы.- Арқалық, 1990.
10. Кенжеахметұлы, С. Торғай түлектері / С. Кенжеахметұлы. Арқалық, 1991.
11. Кенжеахметұлы, С. Туыстық атаулар сыры С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Ана тілі, 2007. – 48 бет.
12. Кенжеахметұлы, С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі / С. Кенжеахметұлы.- Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
13. Қозыбаев М.,Ақтаңдықтар ақиқаты., Алматы,1992 ж.
14. Назарбаев Н.Ә., Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде., Алматы, 1993ж.
15. Оспанұлы, Серікбай. Сын-сықақтың сейфі: [сатирик, ақын С. Кенжеахметов 70 жаста] / С. Оспанұлы // Қостанай таңы.- 2009. - 16 қаңтар.

ҚОСТАНАЙ Өңіріндегі киелі жерлер географиясының кейбір мәселелері

Абдыкадыр Алтынай., «Тарих» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: **Исенов Ө.И.**, т.ғ.к., профессор
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Елбасы – Н.Ә. Назарбаев: «Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз тануға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ, – екендігін назарымызға ерекше ұсынып, – Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған», - дейді.

Елбасы өз мақаласында патриотизмнің кіндік қаны тамған жерінен, өскен ауылынан, қаласы мен өңірінен, яғни туған жерінен деген сүйіспеншіліктен басталатындықты ескеріп, «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды.

«Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?» деген сауалға төмендегідей жауап берді: «Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. ...Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [1].

Содан соң, «жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті